




Шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілік

Тексерген: Жұманова Гүлжайна

Орындаған: Тұрысбек Кәмшат

Есеп және аудит 14|1к.о



Шоғырландырылған қаржы
есептілігі – топтың біртұтас
экономикалық ұйым
дайындаған болып ұсынылатын
қаржы есептілігі.

Консолидацияланған есеп берудің құрамына: консолидацияланған бухгалтерлік балансы, консолидацияланған табыстар мен шығындар туралы есеп беру, консолидацияланған ақшалардың қозғалысы туралы есеп беруі және түсініктеме жазбасы кіреді.

ҚЕХС сәйкес "Консолидацияланған есеп беру және еншілес серіктестіктегі инвестицияның есебі" негізгі заңды тұлға жергілікті және шетелдегі еншілес заңды тұлғалардың консолидацияланған қаржылық есеп беруі енгізіледі, тек мыналарды қоспағанда: егер де еншілес серіктестік жақын арада сатуға арналса және оларды бақылау уақытша сипатта болса немесе олар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулі жағдайда әрекет етіп тұрса, онда бұл аталған жағдайларда жүрген серіктестіктердің мәліметі консолидацияланған қаржылық есеп беруге қосылмайды.

10-ҚЕХС (IFRS) барлық компаниялар мен арнайы тағайындалған компанияларды қоса алғанда бірегей бақылау моделін қолдануды қарастырады. 10-ҚЕХС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілігі» деген стандарт «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік» деп аталатын 27-ҚЕХС-тың тек шоғырландырылған қаржылық есептілік талаптары сақталған бөлігін ғана алмастырады.



Сондай-ақ аталмыш стандарт 12-ші Түсіндірмелер бойынша тұрақты комитеттің «Арнайы мақсаттағы компаниялардың шоғырлануы» деп аталатын интерпретацияда (түсіндірмеде) қарастырылған сұрақтар бойынша да нұсқауларды қараған. Сонымен қатар 10-ҚЕХС (IFRS) «бақылау» ұғымының анықтамасын өзгертеді.

Анықтаманың ескі түрінде былай берілген: «Бақылау – ұйымның қаржылық және операциялық саясатын жүргізуден пайда табу мақсатында анықталған».

Осы анықтаманың жаңарған түрі: «Инвестор қандай бір ұйымның қатысу сипатына байланысты инвестиция нысанында бақылау орната алатынын бағалап, ол бас кәсіпорын бола ала жоқ па анықтайды.

10-ҚХЕС (IFRS) ең алдымен «Шоғырландырылған және жекеленген қаржылық есептілік» деп аталатын 27-ші (IAS) ҚХЕС-та келтірілген бақылау және шоғырландыру бойынша нұсқау талаптарын алмастырады.

Шындығына келгенде, 10-ҚХЕС (IFRS) «бақылау» ұғымының жаңа анықтамасын енгізеді және алдыңғы бақылау немесе біріккен бақылау орната алу тұрғысында жүргізілген бағалау нәтижесіне әсер ете алатын қосымша нұсқаулар береді.



Бақылаудың жаңа анықтамасы бақылау жүргізудің болуы мен ауыспалы кірістілікке басты назар беретінін аңғару қиын емес. Осы жерден келесідей қорытынды шығаруға болады, өзге еншілес ұйымға ықпал етудің болуы табыстылыққа едәуір маңызды әсер ете алатын қызметтің болуын айқындайды.



Консолидацияланған есеп берудің құрамына: консолидацияланған бухгалтерлік балансы, консолидацияланған табыстар мен шығындар туралы есеп беру, консолидацияланған ақшалардың қозғалысы туралы есеп беруі және түсініктеме жазбасы кіреді.

ҚЕХС сәйкес "Консолидацияланған есеп беру және еншілес серіктестіктегі инвестицияның есебі" негізгі заңды тұлға жергілікті және шетелдегі еншілес заңды тұлғалардың консолидацияланған қаржылық есеп беруі енгізіледі, тек мыналарды қоспағанда: егер де еншілес серіктестік жақын арада сатуға арналса және оларды бақылау уақытша сипатта болса немесе олар қатаң түрде ұзақ мерзімді шектеулі жағдайда әрекет етіп тұрса, онда бұл аталған жағдайларда жүрген серіктестіктердің мәліметі консолидацияланған қаржылық есеп беруге қосылмайды.

Негізгі кәсіпорын өз кезегінде, еншілес кәсіпорында болуы мүмкін, онда ондай кәсіпорындар консолидацияланған қаржылық есеп бермеуі мүмкін, егер де оны негізгі кәсіпорын талап етпесе.

Негізгі заңды тұлға және оның еншілес заңды тұлғасы қаржылық есеп беруді келесі жолмен консолидациялайды (яғни, біріктіреді):

—есеп беруді өзара сәйкестендіреді (есеп беру қосымша өңделеді, жіктемесі өзгертіледі, түзетулер енгізіледі);

—активтер, міндеттемелер, меншік капиталы, табысы, шығысы туралы мәліметтердің әрқайсысы жолы мен бабы бойынша қосылады;

—кейбір баптар бойынша қайталауға жол берілмейді және кейбір баптар жойылуы мүмкін.

Консолидацияланған есеп беруді қалыптастыру үшін операцияларды жою (түзету) кестесі жасалынады , ал ол келесі кезеңдерден тұрады:

—бірінші кезекте еншілес заңды тұлғаны алысымен, алдымен, негізгі заңды тұлғаның өзіне қатысты таза активінің үлесі анықталады (кәсіпорынның активінен оның міндеттемесі алынып тасталынады);содан соң түзетулер жасалынады:

Негізгі заңды тұлға 100% акцияны иеленген жағдайда, еншілес кәсіпорын өзінің акционерлерінің мүддесін ескеруі қажет, өйткені олардың меншігінде 50% акция қалуы мүмкін. Акционерлердің бұл мүддесі азшылық мүддесі болып саналады және оларға тиесілі таза активтің және таза табыстың (зиянның) сомасы консолидацияланған қаржылық есеп беруде көрініс табуы тиіс.

Таза табыстағы (зияндағы) азшылықтың үлесі есепті кезеңдегі еншілес тұлғаның алған таза табысынан анықталады және оның денгейі есеп беруде көрсетілгенімен, ол негізгі заңды тұлғаның меншігі болып саналмайды, сондықтан ол консолидацияланған қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беруде жеке бап болып көрсетіледі. Таза активтегі азшылықтың үлесі консолидацияланған қаржылық есеп берудің жасаған күніндегі меншік капиталындағы еншілес заңды тұлғаның сомасынан анықталады

Инвестордың да, тәуелді заңды тұлғаның да қаржылық есеп беру күні сәйкес келеді. Егер де негізгі компания мен тәуелді заңды тұлғалардың қаржылық есеп беру күні сәйкес келмесе, онда тәуелді тұлға негізгі кәсіпорынның жасаған күні бойынша жасайды. Дегенмен де, олардың күні сәйкес келмесе, онда мәнді операциялардың, құбылыстардың нәтижесі бойынша түзетулер жасалынады.

Негізгі және тәуелді заңды тұлғалар қаржылық есеп беруде біртұтас есептік саясатын пайдаланса, аналитикалық операцияларың және қаржылық-шаруашылық қызметінің оқиғаларын қолданады.

Егер де олардың пайдаланған есептік саясатында өзгешеліктер болса, онда тәуелді заңды тұлғалардың қаржылық есеп беруіне тиесілі түзетулер енгізіледі. Егер де түзетулер енгізу мүмкін болмаса, онда орын алған факт түсініктеме жазбада көрініс табады.

Бірлескен қызмет бойынша қатыстық үлесті қаржылық есепте көрсетудің ерекшеліктері. Өзінің қатысу үлесін есептеу үшін бірлескен қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекттер, "Бірлескен қызметі бойынша үлестік қатысуды қаржылық есепте көрсету" деп аталатын ҚЕХС басшылыққа ала отырып, олардың ұйымдық-құқықтық нысанынан тәуелсіз, осы қызмет бойынша қатысушылардың шығысы мен табысы, міндеттемесі, активтері қатысушылардың қаржылық есеп беруінде көрініс табады.

Бірлескен қызмет - жалпы шаруашылық мақсатына жету үшін екі және одан да көп тараптар бірлесіп әрекет еткен кезіндегі қызмет болып табылады.

ҚЕХС сәйкес, бірлескен қызметі бойынша қатысушылар өзінің қаржылық есеп беруінде және консолидацияланған есеп беруінде танылуы тиіс:

- бірлесіп бақыланатын өндірісте: активтер консолидацияланады және міндеттемелерін өз жауапкершіліктеріне алады; олардың жасаған шығысы олардың бірлесіп қызмет етумен байланысты, қызметгі немесе тауарды сатқаннан түскен табыстан өз үлестерін алады;

- бірлесіп бақыланатын активтері: активтердің сипатына сәйкес жіктелініп, бірлесіп бақыланатын активтері әрқайсысының үлесі бойынша анықталады; бірлескен қызмет олардың қабылданған міндеттемелері бойынша; басқа қатысушылармен бірлескен қызметінде бірігіп жасаған өз міндеттемесінің үлесін; бірлескен қызмет бойынша өзінің жасаған шығысын қоса өз үлесіндегі өнімін пайдаланудан немесе сатудан түскен табысы бірлескен қызметте қатысу үлесіне сәйкес жасаған шығысы бойынша анықталынады.

Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!